

Ленин Түні

Қ(б)П СОЛТҮСТІН ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ Қ(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№161 (8021)

Жұма 17 август 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Және с. н. 20 тыйым

Абай--қазақтың данышпан ұлы ақыны

М. ӘБДІКАЛЫҚОВ.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретарі.

Ленин—Сталин партиясының басшылығы, халықтардың көсемі Сталин жолдас-тың күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында патшаның Ресейдің тарихи дамуында артта қалып келген шет аймақтары социализмге жетті. Бұрын артта қалған халықтар елімізде лениндік-сталиндік ұлт саясатының жүзеге асырылуы арқасында идея мәдениет майданында өркендеп, алға басты. Лениндік-сталиндік саясат арқасында, ұлы орыс халқы мәдениетінің игілікті әсері арқасында ұлт республикаларының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті көркейді.

Біздің елде соңғы жылдарда ұлттық мәдениет пен ұлттық әдебиет мейлінше молайып, кең өріс алды. Барлық халықтар көркем шығармалардың Бүкілодақтық қазынасына өздерінің нешеме ғасырлық рухани мәдениетінің сыбағасын қосты. Ұлттар мәдениетінің өркендеуіне идея жағынан тамаша басшылық еткен орыс классиктерінің дүние жүзі таныған шығармаларымен қатар Тарас Шевченконың жалынды өлеңдері, Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін киген батырының» бейнелері Давид Сосунскийдің бағырлық жырлары, мәңгі өшпейтін Науаи мен Низамидің даналық лирикасы бүкіл халқымыздың игілігіне айналды.

Қазақ халқы ұлы орыс халқының және басқа туысқан халықтардың әдебиет-көркем шығармалар майданындағы табыстарын меңгере отырып, өзінің нешеме ғасырлық ұлттық көркем өнерінің және ақындық сөзінің таңдаулы шығармалары мен бүкілхалықтық социалистік мәдениетімізді байытты. Халық поэзиясының алыбы—Жұмыл совет халқына көп ықпалдан бері мәлім болды.

Қазақта бұрын тек ауыз әдебиеті ғана болған десек, бұл қазақстан туралы бір

мен рухтанған орыс әдебиеті патшалық Ресей халықтарының ұлттық интеллигенцияның қоғамдық санасы өсіп, қалыптасуына игілікті әсер етті. Октябрь Социалистік революциясының 25 жылдығына арналған Ғылым Академиясының мерекелік сессиясында бұл туралы жазушы-академик А. Н. Толстой тамаша айтты: «Егер өткен ғасырдың орта шенінде және аяқ шенінде өмір сүрген көрнекті ұлт қайраткерлерінің өмір баяндарына көз салсақ, олар алдыңғы қатарлы идеяларды, тұрмыс пен тарихты тануды Пушкиннің, Тургеневтің, Белинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың Герценнің, Лев Толстойдың, Шедриннің, Островскийдің, Горькийдің классикалық шығармаларынан үйренгенін айқын көреміз».

Тағдыр жазып, Абай орыс халқының жер аударылған революционерлері Е. П. Михаэлиснен, Н. А. Долгополовнен және басқалармен жақын болды. Олар Абайдың орыс тіліне, әдебиетіне құштарлығы күшеюіне себеп болды. Бұл туралы ақынның өзі: «Михаэлис мырза дүниеге көзімді ашты» дейді. Абайдың орыс халқы революционерлерімен араласып, достасуы оның классиктері—Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың, Салтыков-Шедриннің, Лев Толстойдың шығармаларын неғұрлым құнттап зерттеуімен тұстас келді.

Орыс халқы, орыс әдебиеті қазақ халқы алдыңғы қатарлы мәдениетке бастайтын, бытыраңқы, қазақ халқының келе-шекте ұлт болып, бас қосуына көмектеседі деп білді Абай. Орыс әдебиетін Абай қазақ халқына жаңа тұрмыс—мәдениетті және өмірді білген жолын көрсетті.

мен әңгімелескенде Абай адамзаттың еңбегімен білімінен ерекше орын алатынын атап көрсетіп отыратын, тұрмыстағы және діни соқыр нанымды жоюға, адамды өз күшіне сендіруге, адамшылық қасиетті сезу рухында тәрбие беруге тырысатын. Халықтың көзін ашу, оқу-білімге жеткізу жөнінде Абай неғұрлым терең пікірлер айтты. Өзінің өлеңдерінде ақын балалардың балаларын мектепке бергенде, төре немесе тілмәш болуға даярлау үшін беретін әдетін қатты мінеді, шын мәніндегі ғылымды меңгеруге шақырды. Лев Толстой мен Салтыков-Шедринді үлгіге алды.

«Мың бір түн» сарынымен жазылған «Өзім әңгімесінде» Абай сайып келгенде: адамның ақылы орта ғасырлық қара түпекті жеңіп мерейі үстем болатынын көрсетеді. Абай адамның ақылының шарықтап, шартарапқа қол ұруы ғылым жолмен түсіндіруге тырысады, поэмаға бұрынғы Грецияның дін иесі—Аристотельді енгізеді.

Оқуды, ғылымды Абай қазақ халқының өркендеп, орыс халқына және оның мәдениетіне, жанысуына бірден-бір тура жол деп білді. Абай, өнерлі, білімді халық болғымыз келсе, басқа халықтар қараңғылықтан алымыз келсе, біз орыстардан ғылым үйренуіміз керек деп жазды.

Абай жас кезінде, 12 жасында-ақ өлең жазу бастады. Бірақ бұл бала кезіндегі өлеңдерінің кейбіреулері онда да тек үзінділері ғана сақталып келді. Бұл үзінді өлеңдеріне қарағанда, Абай ақындығы

Мемлекетке астық тапсыру--ең маңызды ең ардақты міндет. Астық тапсыру жөнін белгіленген график, бес күндік тапсырма барлық жерде мүлтіксіз орындалсын. Социалистік жарыс туын жоғары ұстай отырып мемлекет алдындағы борышты орындау барлық күш жұмсалсын!

де махаббатты жырлады. Бұған байланысты оның жас кезіндегі өлеңдері иран және шағатай тілдерінен алынған нақышты, бейнелі сөздерімен жазылған.

Абайдың «Сұрғылт бұлт күздің күні қаптайды аспан», «Ай» және басқа да бірсыпыра өлеңдерінде ақын өзінің сезімін шын мәнінде Пушкин, Лермонтов әдісімен, солардың сарынымен білдіреді.

Басқа халықтардың, әсіресе орыстың жазушылары, ақындары сыяқты, Абай сыяқ өлеңдерінде болыстарды, молдаларды, патша әкімдерінің итаршыларын қатты түйрейді.

Өмірді сүю, ілгері тілек Абайдың поэзиясының негізгі желісі болды. Бірақ Абайдың өмірді сүюі, адамға шын сенімі, Лермонтовтың шығармаларындағыдай кейде уайым, күдік, күмән туғызады. Горький, Лермонтовтың шығармаларындағы мұндай сыйнатты ілгері үмітті, алғыр уайым деп атады. Абайдың өлеңдеріндегі жалғыздық, уайым сарыны әсіресе 90-жылдарда қоғам өмірінде және өз өмірінде бірсыпыра қаза көруіне, жолы болмауына байланысты күшейді.

Абай орыс және Батыс Еуропа жазушыларының өлеңдері мен қара сөздерін қазақ тіліне аударып, қазақ әдебиетін байытты. Абайдың бұл еңбегі арқасында Пушкиннің «Евгений Онегин» романының үзінділері, Лермонтовтың «Вадим», «Ой», «Жедкем», «Өзәзі» деген шығармалары, Крыловтың «Емен мен шілік», «Қарға мен түлкі», «Есек пен бұлбұл» деген мысалдары қазақ халқына таралды.

Абайдың төңірегінде шәкірттері жолын қуған мүридтері болды. Абай оларды өлең жазуға үйретті, көзін ашуға, дүниеге көз қарасын кеңейтуге тырысты, оларға тақырыптар көрсетіп отырды. Еңбек, бостандыққа ұмтылу Абайдың шәкірттері-

Жапонияның сөзсіз тізе бүгуі

14 августа Құрама Штаттарының Үкіметі Швейцария Үкіметі арқылы Жапония Үкіметіне мынадай хабар алды:

«Потсдам декларациясының шарттарын қабылдау жайында Жапонияның 10 августағы нотасы туралы және Құрама Штаттары, Ұлы Британия, Франция, Одағы мен Қытай Үкіметтерінің Американың Мемлекеттік Секретарі жіберген 11 августағы жауабы жөніндегі мәселе жайында, Жапония Үкіметі Мемлекет Үкіметтеріне мынадай хабар беруді өзіне аброй деп санайды.

1. Ұлы мәртебелі император Потсдам декларациясының шарттарының қабылдауы туралы императорлық жарлық берді.

2. Ұлы мәртебелі император Потсдам декларациясында көрсетілген орындау үшін хажетті шарттарды бекітуге және бұл шартқа оның ұм императорлық бас штаб-үйдің қол қоюын қамтамасыз етуге әзір отыр. Ұлы император соғыс қыймылдарын тоқтатып, қару-жарақтарды тапсыру және Жапонияның барлық соғыс, соғыс-теніз және авиация өкімет орындары қай жерде тұрсада олардың қарамағындағы барлық қарулы күштеріне өзін нан бұйрық беруге, сол сыяқты жоғарыда аталған шарттарды жүзеге асыратында Одақтастар қарулы күштерінің Жоғарғы қолбасшысы талап ететін сыяқты басқа да бұйрықтар беруге әзір отыр».

Жапонияның тізе бүгуі туралы Қызыл Армия Бас Штабының түсіндірмесі

Жапонияның тізе бүгуі жайында сұрақтар түсуі себепті, Қызыл Армия Бас Штабының бастығы армия генералы АНТОНОВ мынадай ТҮСІНДІРМЕ БЕРДІ.

1. Жапонияның тізе бүгуі туралы жапон императорының 14 август хабары тексөзсіз тізе бүгу туралы жалпы декларация болып ғана есептегі. Орыс қыймылдарын тоқтату жайында қарулы күштерге әлі бұйрық берген жоқ, сонымен жапондардың қарулы күштері бұрынғыша қарсылық еткен. Сонымен, Жапонияның қарулы күштері әлі іс жүзінде тізе бүккен.

2. Тек Жапон императоры өзінің қарулы күштеріне Ұрыс қыймыл тоқтатып, қару тастау жөнінде бұйрық беріп, бұл бұйрық іс жүзінде орындалмаған кезден бастап ғана Жапонияның қарулы күштері тізе бүкті деп теуге болады.

3. Жоғарыда айтылғандар себепті, Советтер Одағының Қыйыр Шығыс қарулы күштері Жапонияға қарсы өзінің шабуыл ұрыстарын жүргізе беретіні белгілі.

Совет Хабаршы бюросы

14 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

Абай Құнанбайұлы қазақтың осы жазба әдебиетінің негізін қалады.

Халықты оқуға, білімге шақырған ақынның саналы қоғамдық ақындық өмірі қазақ ауылының шіңкешінен жағдайында өтті. Патша үкіметі қазақ даласын 100 жыл бойына отарлады. Қазақ даласын отарлау XIX-ғасырдың екінші жартысында аяқталды. Қазақ халқының еңбекші бұхарасы ығыстырылды. Олар өлмесінің күнін көріп, тамақ асырау үшін байларға, орыс отаршыларына ауыр жұмысқа жалданды. Басқа отар елдер сияқты, қазақ даласында да қатаң соғыс тәртібі орнатылды. Патша үкіметінің отарлаушы әкімдері байлар мен кулактарды ел билейтін орындарға қойды.

Патша үкіметінің отарлаушы әкімшілік орындары қазақ арасындағы ру таласын өз мақсаты үшін пайдаланды, мұнымен қатар, рушылдық, дінишілдік нанымды әдейі қоздырып отырды. Қазақ ауылдарына, қалаларға татар молдаларын жіберді. Бұл молдаларға қазақ даласына келген орыстар мен қазақтар, ұйғырлар және басқа шығыс ұлттары арасында діни араздықты өршіту міндеті жүктелді. «Қалың бұхараны құлақтың, нағандықта ұстау, әдейі күшейтіліп отырды» — деді Сталин жолдас патша үкіметінің отарлау саясаты туралы. Бірақ патша үкіметінің әкімшілік-саяси шараларының ешқайсысы да қазақ халқының өміріндегі оқиғалардың тарихи бет алысын бұра алмады, қазақ халқының тағдыры барған сайын орыс халқының тағдырымен ұштаса берді.

Орыс жұртшылығының алдыңғы қатарлы адамдары, ғылым, әдебиет қайраткерлері XIX-ғасырдың екінші жартысында бұрынғы Ресей халықтарының орыс халқымен қарым-қатынасын шын суреттеуге көп еңбек сіңірді. Украин, белорус, грузин, татар, өзбек және басқа халықтардың интеллигенциясын бір тұтас және тығыз ғылыми — әдеби ынтымаққа қоса отырып, орыс халқының демократ ғалымдары орыс халқы мен «бұратаналар» арасында патша үкіметі әдейі жасаған кедергілерді бұза берді. Орыс халқының атақты жазушысы Ф. М. Достоевский 1858 жылы қазақтан шыққан алғашқы ғалым Шоқан Уәлихановқа былай деп жазды: «Қызметімді қайтемін, тегі бұл жағдайда не істеймін деп сұрапсыз. Меніңше, осы жұмысыңызды тастамаңыз. Сізде көп материал бар, дала туралы мақала жазыңыз. Оны жасады (бұл туралы сөйлескеніміз есіңізде болар). Егер дала тұрмысы туралы хаттар сияқты шығармалар жазсаңыз, бәрінен де жақсы болар еді. Мұның өзі жұрттың бәрінің назарын аударарлық жаңалық болар еді».

Прогрессия және демократия идеялары

Ірақ мұның бәрі Абайдың орыс әдебиетіне және орыс халқының достығына сенімін, сүйіспеншілігін кеміте алмады.

Қазақ халқы Абайды өзінің ғалым ақынын ой иесі, ұстазы деп құрметтейді. Халықты оқуға, өнер-білімге шақырушы ұлы революцияшыл демократ Н. Г. Чернышевскийдің жолын кұған 60-жылдардағы орыс демократтарымен Абайдың дос болуы оның ағартушылық көз қарасына күшті әсер етті.

Абайдың дін тану көз қарасында кайшылықтар көп. Бірақ Платоннан, Сократтан, Аристотельден бастап, Спенсерге, Спинозаға, Белинскийге, Чернышевскийге дейін дүние жүзі философтарының шығармаларын терең зерттеу, Фердоусиден, Низамиден, Сағдида Пушкинге, Лермонтовқа, Толстойға дейін дүние жүзілік әдебиеттің классиктерін зерттеу нәтижесінде қалыптасқан Абайдың прогресс пен демократияға шын сенімі оның негізгі сыйпаты болды. Оқыған, зерттеген шығармаларының бәрінен ол: тұрмыс дегеніміз үздіксіз алға басушылық, бұл алға басуда жаңалық ескілікті керексізге шығарады. Адамзат неғұрлым жетілген осы жаңалықтың тууына, өсуіне көмектесуге тиіс деген шын сенімге келді. Абай өзінің өлеңдерінің бірінде:

«Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Демесе өмір етпек ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас.
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек».

Абайдың прогресс және демократия идеясына Абайдың, ел кезде шығыс елдерінде көп тараған кәзіргі дүние мен тәртіп өзгермей, сол қалпында қалады деген діни көзқарасты жеңуіне көмектесті.

Орыстың классикалық әдебиетінің сыншылдық-реалистік бағыты Абайдың өз төңірегіндегі тұрмысқа, әлеуметтік құбылыстарға көзқарасын белгілеуіне себеп болды. Ол ешбір адам ру салтынан ауа жаппай алмайтын кезде қалыптасқан қазақтың ол кездегі көзқарасына сын көзімен қарады, прогрессті, ақын мен ғалымды шын ниетімен жақтады.

Абай ақыл мен білімді — қазақ халқының өміріндегі бұл тарихи қызық — қыстау кезінде туған елді көркейтетін, туған жерді гүлдендіретін сарқылмас қайнар бұлақтың көзі деп таныды. Орыс халқының 60—80-жылдардағы жұртшылық шікірінің идеяларын — демократия идеяларын — адамзатты кіріптарлықтан азат ету идеяларын Абай өзінің шығармалары әңгімелерінде үнемі насихаттап, елге таратып отырды.

Абайдың замандастарының есте қалған әңгімелері данышпан ақынның, ұстаздың жарқын бейнесін бізге толық суреттеп береді. Жақындарымен, туысандарымен кездескенде, ақыл сұрап келген адамдар-

кіннің, Лермонтовтың шығармаларын үйренген, «Евгений Онегиннен» үзінділерді қазақ тіліне аударған кезімен тұтас келді. Ақындық құдайдың илаһ беруінен болады дейтін ол кездегі көп тараған көзқарастан аулақ болған Абай Чернышевскийдің шығармаларының ықпалымен өзін көркем өнер мен әдебиетті реалистік көзқараспен түсінудің жағында деп жариялады.

Абай халықтың тұрмысы мен күресінің маңызды жақтарын көрсететін реалистік көркем өнерді батыл жақтады. Өздерінің шабытымен байларға, хандарға қызмет ететін ақындарға қарсы болғаны сияқты, Абай көркем өнерді ермек деп танушылыққа да сондай қарсы болды.

Өзінің өлеңдерінде Абай жаңа сыйпатты ақынды бейнелейді. Ақын — жалпы халықтың сезімі мен ниетін білдіруші, халықтың еңбекші топтарының мүдделерін қорғаушы. Ақын — адамзаттың жаңа идеяларын таратушы, білімді, мәдениетті жолдаушы.

Қазақ поэзиясын өлеңнің жаңа түрлерімен байытқандық — ақынның зор еңбегі. Бұл жаңалықтары мен Абай адамның неше алуан сезімін, оның пәзік реңктерін неғұрлым толық бере алды. Күлкі-өлеңдері, арнаулы өлеңдері, лирикалы өлеңдері, ыңғай-дастандары жұмбақтары — Абайдың өлеңдерінің неше алуан түрлері міне осындай болды. Орыстың классикалық поэзиясының ықпалымен Абай қазақ өлеңінің күйге қосуға бейімдеп, өлеңнің 16 жаңа түрін шығарды, мұның өзі қазақ әдебиетін байытты.

Абайдың жас кезінде жазған көп өлеңдері арасында оның «Бүркітші қан сонарда шығады аңға» деген өлеңі ерекше көзге түседі. Абай өлеңінде қазақ халқының бүркіт салу салтын көрсетіп қана қоймай, қазақтың ұлттық мінез құлқын, ұлттық сыйпатын тамаша суреттейді.

Абай ақындығының алғашқы кезеңінде ардақты, жан азығы болатын сезім ретін

ССРОның Болгариямен елшілік қарым-қатынасты қалпына келтіруі

14 августа Одақтастардың Болгариядағы Бақылау Комиссиясы Претседателінің орынбасары генерал-полковник С. С. Вязов Совет Үкметінің тапсыруы бойынша, Болгарияның Бас Министрі Кимон Георгиев мырзаға Совет Үкметінің Болгариямен елшілік қарым-қатынасты қалпына келтіруді ұйғарғандығы және елшілер алмасуды ұсынғандығы жөнінде мәлімдеме жасады.

Мәлімдемеде, Болгария Біріккен Ұлттар жағында 1944 жылғы 9 сентябрьден бастап, Германияға қарсы соғысқа

Абайға қарсы күрес ашты. Оны барынша қаралауға кірісті. Тіпті Абайды өлтірмек болды, оның шәкірттерін қудалады.

Ол өзінің ақындық шығармаларының мәңгі өшпейтіндігін көрегендікпен болжады. Қазақ халқы өз ақынының шығармаларын Николай II-патшаның қаратүнек қысым жүргізген күндерінде, азамат соғысының ауыр күндерінде де сақтады. Анненковтың бұзақылары Семейде Абайдың көп қол жазбаларын өртеп жіберді. Бірақ ақынның жолын кұған, аруағын сыйлаған кейінгі ұрпақ оның көп өлеңдерін сақтады, бірсөйра өлеңдері халықтың жадында қалды.

Азаматкершілік, халқына сүйіспеншілік, халықты езушілерге өшпенділік рухында жазылған Абайдың өлеңдері қазақ халқының ұлы орыс халқымен одақтасып, большевиктер партиясының басшылығы арқасында өзінің бұрынғы артта қалған шаруашылығын социалистік негізде қайта құруына жұмылдырды.

Ұлы Отан соғысы күндерінде Абайдың өлеңдері Ұлы Советтер Одағын ерлікпен қорғаған қазақ жауынгерлеріне туған халқының берген ақ батасы болды. Абайдың өлеңдері майдан мен ел арасының дәнекері болды.

Қазақ халқының ойшыл данышпан ақынының туғанына 100 жыл болған күндерді біз совет халқы герман фашизмінен жеңген тарихи жағдайда салтанатпен өткізудеміз. Біз бұл мерекені Ленин — Сталин ұлт саясатының мерейі үстем болған жағдайда, туысқан халықтардың және қазақ даласында қара түнек орнаған жылдарда ақын Абай қол артқан ұлы орыс халқының білімпаздары мәдениет және көркем өнер қайраткерлерімен бірге өткізіп отырмыз. Қазақ халқы және орыс әдебиетінің игілікті әсерімен өркендеп отырған, Абай негізін қалаған қазақ әдебиеті өз ақынының идеяларын хасиетпен сақтайды.

елсене қатынасқандықтан және Германияны талқандау ісіне болгар халқы өзінің күресімен үлес қосқандықтан, сол сияқты Болгария бітім туралы келісімшегі өзіне жүктелген міндеттемелерді дұрыс орындап отыр деп есептеп, ССРО Үкметі Болгариямен елшілік қарым-қатынасты қалпына келтіруді ұйғарды.

Болгария Үкметі Совет Үкметінің бұл мәлімдемесін ықыласпен қабылдап, мұны өзінің толық мақұлдайтындығын мәлімдеді.

ШАНЬЧЖЭНЬ қаласы мен темір жол станциясын және ПОЛОНА-ПОНА БАОЧЖЭНЬ, ВОФУГАН қыстақтарын ұрыспен алды.

САХАЛИН аралында майдан әскерлері дұшпанның шекаралық қорғану бұзып өтіп, оңтүстікке қарай 15—20 километр алға басты.

ЗАБАЙКАЛ майданының әскерлері ҮЛКЕН ХИНГАННЫҢ шығыс жа шабуылды дамыта отырып, ТАОНАНЬ қаласы мен үлкен темір жол станциясы ұрыспен алды, сол сияқты ЛИНЬСИ, ДАБАНЬШАНЬ, ЛУБЭЙ, ЧЖАНЬЮЙ, ЮАНЬ, ГЭГЭНЬМЯО қалаларын алып, бір күнде 100—150 километр алға

Тынық мұхит флотының кемелері мен бөлімдері КОРЕЯНЫҢ СЕЙСИН-ТЯН-ТЯН ұрыспен алды.

Августың 9нан 13не дейінгі уақыттың ішінде әскерлеріміз Қыйыр Цзэ дұшпанның 8 мыңнан аса солдаты мен офицерін қолға түсірді.

Авиациямыз Маньчжурияның темір жол тораптарына және жапондық Солтүстік Кореядағы порттарына соңқы берді.

СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРО

15 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

15 августа ҚЫЙЫР ШЫҒЫСТА совет әскерлері бұрынғыша жапон қарсылығына кез бола отырып, шабуыл жасауда болды.

1-ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері таулы-орманды жерлердің жағдайында дұшпанның қарсылығын жеңе отырып, шабуыл жасауда болып, не МУДАНЬЦЗЯН қаласының солтүстік-шығыс жағында бірнеше елді жерлерді алды.

2-ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері СУНГАРИ өзенінің екі жағында шабуыл жасай отырып, АМУР өзені флотилиясының көмегімен ХУЖЭНЬ, ЛЯНЦЯНКОУ (ЦЗЯМУСЬ қаласының солтүстік жағында 5 километрден), СИНЬЧУНЧЖЭНЬ және БАОЦИН қалаларын ұрыспен алды.

ЗАБАЙКАЛ майданының әскерлері ХУАДЗ, КАНБАО, ЧЖАНБЭЙ және НОР қалаларын ұрыспен алды. Мұнымен қатар, майдан әскерлері ҮЛКЕН ГАН тау жотасынан шығысқа қарай шабуыл жасай отырып, 20дан 3 метрге дейін алға басты.

Авиациямыз дұшпанның ұрыс даласындағы әскерлеріне және Маньчжурияның темір жол тораптарына соңқы берді.

СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОС

Москваның кездеме тоқыйтын кәсіп орындарында

Москваның кездеме тоқыйтын кәсіп орындары халық үшін кездеме тоқуға кірісті.

Дзержинский атындағы фабрика қазірдің өзінде алғашқы рет он мыңдаған метр кездеме тоқып шығарды. Сол сияқты «Красная роза» комбинаты сапалы кездеме тоқыды. Фабрикалар кездеменің жаңа түрлерін тоқуды игеруде. Комбинат коллективі екінші жарты жылдың

аяғына дейін жоспардан тыс 28 метр кездеме тоқып шығаруға міндетті.

«Освобожденный труд» фабрикасы түрлі өлшем тігіп шығару ісін арттырды. Қазір кездеме тоқу кәсіп орындары жаңа станоктар мен машиналармен жабдықталып жатыр. Бұл — кездемені көп шығаруға мүмкіншілік береді. (Т

Село кооперациясы қызметкерлерінің игілікті басты

Воронеждің облыстық тұтынушылар одағына екінші тоқсанда өліміздегі ең таңдаулы тұтынушылар одағы деген атақ беріліп, Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды.

Тұтынушылар кооперациясы екінші тоқсанда 7 миллион сомның бұйымын өндіріп, бұйым алу мөлшерін жоспардан 167 миллион сомға жеткізді. Воронеж кооперациясы бұйым сатып алумен бірге,

бұйым өндіреді. Кооперация дерегіне тоқыма бұйымдарын, сабын, майын өндіретін ондаған кәсіп орындарын ұйымдастырды.

Барлық аудандарда қара және ақ таңбалар, жүн, тері, дәрі жасайтын тер дайындау ісі ұйымдастырылып, шілік тамақтандыру үшін 2 мың жерге егін егілді, өзендерден ақ балықтар балық ауланды. (Т

Абайдың ғақлия сөздері

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СӨЗ

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітірдендігі-
ан емес.

Көңілдегі көрікті ой, ауыздап шыққанда өні қашады.

Үкімет сөздер өзіншіл нағанды айтқанда, көңіл уаңғаны да болады, өшкені
болады.

Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі
қамды бұзады.

Өкесінің баласы адамның дұспаны, адамның баласы баурың.

Ер артық сұраса да, азға риза болады. Ез аз сұрар, артылып берсең де
зы болмас.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адам-
шылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың.

Адам баласын заман өстіреді, кімде кім жаман болса оның өзінің заманда-
ның бірі виноват.

Мен, егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам: адам мінезін түзеп болмай-
ы деген кісінің тілін кесер едім.

Дүниеде жалғыз қалған адам, адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның
асында, дүниеде жаман да көпте, бірақ, қызық та ермек те көпте, бастапқыға

ім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?

Жамандықты кім көрмейді, үмітін үзбек қайратсыздық, дүниеде ешнәрседе
аян жоқ екені рас; жамандық та қандай баяндап қалды дейсің? Бары қалың
атты қыстың артынан көгі қалың көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді.

Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза қуаты артында болғаны; егерде аузы-
ан кара қан ағысса, домбыт мақтаншақ, няки қорқақ.

Егер ісім өңің десек ретін тап.

Білік мансап—білік жар тас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады; екбіндеп
шың қыран да шығады. Жікшіл ел жетпей мақтапты, жел өкпелер шың деп
айлады.

Дүние үлкен көл; заман соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, артқы тол-
қын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.

Бақпен асқан патшадан, мыймен асқан кара артық. Сақалын сатқан көріден,
жібегін сатқан бала артық.

Тоқ тіленші адам сайтаны, қарекетсіз сопы монтаны.

Жаман дос көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басың-
ды бұлт алса, іздеп таба алмайсың.

Досы жоқпен сырлас, досы көпшен сыйлас; қайғысыздан сақ бол, қайғы-
дыға жақ бол.

Қайратсыз ашу тұл, тұрлаусыз ғашық тұл, шәкіртсіз ғалым тұл.

Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң
өзің ғана тілейсің.

1. Орысша—киселі айыпты.

Кемеңгер акын Абайға арналған салтанатты мәжіліс

15 августа кешке, қалалық бақшада
ғы цирк үйінде, қазақ халқының ұлы
ақыны және ақыл-ойшы кемеңгері Абай
Құнанбайұлының туғанына 100 жыл то-
луына арналған салтанатты мәжіліс бо-
лып өтті. Салтанатты мәжіліске қаланың
партия, совет, комсомол және қоғам
ұйымдарының өкілдері, өнеркәсіп орында

Ұлы акын қазақ елінің дәл бүгінгідей
ерікті, ынтымақ-бірлікті, шаруашылығы
мен мәдениеті өсіп, дамыған бақытты ел
болуын арман етті.

Абай қазақтың әрбір ұл-қызының бос-
таңдығы үшін, ой саясын жетілдіру
үшін күресті. Оларды халқын шексіз
сүйе, халқы үшін, адам баласының игі

Одақтық Халық Комиссарлары Советі
мен КК(б)П Орталық комитетінің «1945
жылғы егінді жыйнау және ауыл шаруа-
шылық өнімдерін дайындау туралы» қау-
лысы колхоздардың егін жыйнау және
астық дайындау жұмыстарын табысты
жүргізуіне жөн-жоба болып отырғандығы
даусыз. Бірақ, «Прогресс» колхозының
басқарушысы бұл қаулымен тиісті қолыты

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс

Егін жыйнау мен астық тапсырудың қарқыны күшті, сапасы жоғары болсын!

Егін жыйнау мен астық тапсыруда озаттарға теңелейік

Полудень ауданының алдыңғы қатар-
лы ауыл шаруашылық артельдерінде егін
жыйнау және мемлекетке астық тапсыру
жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Осы-
ның нәтижесінде аудан қазір егін жый-
наудың барысында облыс бойынша бірін-
ші орында келеді. Мұнда 4900 гектар
егін орылып, жоспар 18,5 процент орын-
далды. 1000 гектардай егін комбайнмен
жыйналды және 1000 гектардай егін
астық бастыратын жай машиналармен
астырылды.

Ауданда егін жыйнау жұмысын ойда-
дай жүргізіп жатқандардың бірі—Мүс-
тафин жолдас председатель болып істей-
гін «Екпінді» колхозы. Мұнда колхозшы-
лар егін жыйнау жұмысының бірінші
күндерінен бастап-ақ ұйымшылық пен
ынтымақтылықтың асқан үлгілерін көр-
сетуде. Олар жұмыс мөлшерін үнемі ар-
тық орындан келеді. Колхозшы Ксеня
Кун жолдас күн сайын қолорақпен 0,10
гектар орнына, 0,15 гектар егін орып
жүр. Күн жолдас соңғы бір күнде 0,15
гектар егін орып, одан 108 бау байла-
ды, сөйтіп ол бір күнде 3,5 еңбеккүн
тапты.

Осы аудандағы Макс Гельц атындағы
ауыл шаруашылық артелинің мүшелері
бітік егінді дер кезінде, ысырапсыз жый-
нап алуға және мемлекет алдындағы бірін-
ші парызды мұлтіксіз орындауға жаннай
жұмылды. Бұл колхозда қазір 200 гек-
тарға таяу егін орылды. Орылған егінді
бастыру жұмысы дереу ұйымдастырыл-
ды. Сонымен колхозшылар мемлекет алдын-
дағы бірінші парызды өтеуге білек сыба-
на кірісіп, бір күнде дайындау орнына
60 пұт астық өткізді.

Одақтық Халық Комиссарлары Советі
мен КК(б)П Орталық комитетінің «1945
жылғы егінді жыйнау және ауыл шаруа-
шылық өнімдерін дайындау туралы» қау-
лысы колхоздардың егін жыйнау және
астық дайындау жұмыстарын табысты
жүргізуіне жөн-жоба болып отырғандығы
даусыз. Бірақ, «Прогресс» колхозының
басқарушысы бұл қаулымен тиісті қолыты

Облысымызда ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы

(Облыстық жер бөлімінің 15 августағы мәліметі бойынша)

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыс колхоздары 15 августқа дейін 53040 гектар егін
орып, жоспарды 14 процент орындады. 14 август күні колхоздарда 5830 гектар
егін орылды. Барлық орылған егіннің 13227 гектары комбайнмен жыйналды,
10548 гектары маяланды.

Егін оры жоспары Полудень ауданының колхоздарында 18,5 процент, Петро-
павл ауданының колхоздарында 18,2, Конюхов және Булаев аудандарының кол-
хоздарында 15,2 процент орындалды. Бұл жұмыста Ленин, Мамлют, Октябрь же-
не Совет аудандарының колхоздары артта қалып қойды.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Колхоздарда 7680 гектар зябь жыртылып, жоспардың орын-
далуы 4 проценттен аздап ғана асты. Облыс бойынша соңғы бір күнде жыртыл-
ған зябь мөлшері 373 гектар болды. Бұл күні Конюхов, Ленин, Октябрь, Петро-
павл және Преснов аудандарының колхоздарында бірде-бір гектар зябь жыртыл-
мады.

Зябь жырту жоспарын Ленин ауданының колхоздары 14,3, Конюхов аудан-
ының колхоздары 7,1 және Булаев ауданының колхоздары 6,6 процент орында-
ды. Бұл жұмыста әсіресе Преснов, Петропавл, Совет және Приешім аудандары-
ның колхоздары көшіргісіз артта қалып қойды. Бұл аудандарда жоспардың орын-
далуы 1-3 проценттен аздап ғана асты.

ПІШЕН ШАБУ. Колхоздарда 237213 гектар жердің пішені шабылып, жоспар
64,2 процент орындалды. 14 август күні 4266 гектар жердің пішені шабылды.
Бұл күні Полудень және Соколов аудандарының колхоздарында бірде-бір гектар
жердің пішені шабылмады.

Пішен шабу жоспарын Совет ауданының колхоздары 77,2, Преснов ауданы-
ның колхоздары 75,1, Ленин ауданының колхоздары 74,8 және Октябрь ауданы-
ның колхоздары 73,8 процент орындады. Преснов ауданының колхоздарында
соңғы біркүнде 1157 гектар жердің пішені шабылды.

Пішен шабуда әсіресе Соколов, Конюхов, Мамлют және Булаев аудандарының
колхоздары көшіргісіз артта қалып, бүкіл облысымызды кейін тартты.
Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 48-61 проценттен аздап ғана асты.

ПІШЕНДІ МАЯЛАУ. Колхоздарда шабылған пішенді маялау жұмысының ба-
рысы тіпті баяу. Бұған дәлел осы уақытқа дейін небары 154917 тонна ғана
пішен маяға салынды. Ал 70983 гектар жердің пішені маялапбай, шемеледе, ат
жалда немесе шабындық күйінде жатыр. Осы сыяқты мал қыстауларына пішен
тасу жұмысының барысы да ойдағыдай емес. Күні бүгінге дейін қыстауларға
тасылған пішен мөлшері 45 мың тоннадан аздап ғана асты.

ШӨП СҮРЛЕУ. Облысымыз бойынша 30026 тонна шөп сүрленіп, жоспар
150,2 процент орындалды. Әйтседе Приешім, Октябрь және Булаев аудандары-
ның колхоздарында мал азығын сүрлеу жоспары әлі орындалған жоқ.

Қажырлы еңбек істеуде

Мамлют ауданындағы «12 лет октя-
бря» ауыл шаруашылық артелинің мүше-
лері егін жыйнауға кірісер алдында одақ-
тық Халық Комиссарлары Советі мен
КК(б)П Орталық Комитетінің: «1945

жылғы егінді жыйнау және ауыл шаруа-
шылық өнімдерін дайындау туралы» қау-
лысына сәйкес егін жыйнау және астық
тапсыру жұмыстарын табысты жүргізуіне
жөн-жоба болып отырғандығы даусыз.

Маршал Г. К. Жуков пен генерал Эйзенхауэрдің Берлинге келуі

БЕРЛИН, 15 август. (ТАСС). Советтер
Одағының Маршалы Г. К. Жуков пен ге-
нерал Дуайт Д. Эйзенхауэр Ленинградта
болғаннан кейін, бүгін, 19 сағат 45 ми-
нутте самолетпен Берлин маңындағы Аэ-
родромға келіп қонды. Мұнда оларды Кы-
зыл Армия мен Америка Құрама Штатта-
ры армияларының генералдары қарсы
алды. Қарсы алу кезінде америка және
совет әскерлерінен хұрметті қарауыл сан-
қа тұрып, Советтер Одағы мен АҚШтың
мемлекеттік күйлері орындалды.

Трумэн В. В. Кузнецовты қабылдады

ВАШИНГТОН, 14 август. (ТАСС). Совет
кәсіпшілер одақтарының АҚШқа барған
делегациясының басшысы В. В. Кузне-
цов жолдас АҚШтың өндірістік кәсіпші-
лер одақтары конгресінің председатели
мен бірге Ақ Үйде болып, Президент Тру-
мэнге жолықты.

Жапония үкметінің орнынан түсуі

ЧУНЦИН, 15 август. (ТАСС). Домей
Цусия агенттігінің хабары бойынша, 15
августа, 15 сағат 20 минутте Бас Минис-
тр Судзуки өзінің кабинетімен қоса тү-
гелдей орыннан түскен. Жапонияның Ноте-
дам декларациясын қабылдауына байла-
нысты шиеленісіп отырған жаңа жағдай
кабинеттің ауысуын талап ететін бол-
ғандықтан, делінген агенттіктің хабарын
да. Судзукидің кабинеті орыннан түсуді
ұйғарды.

Жапонияның соғыс министрі өзін өзі өлтірді

ТОКИО, 15 август. (ТАСС). Домей Цу-
син агенттігінің хабары бойынша, соғыс
министрі Кореика Анами кеше түнді-
кінің ресми мекенінде өзін өзі өлтірген.

Тынық мұхит соғыс майданындағы жағдай

ЛОНДОН, 15 август. (ТАСС). Лондон
радиоонының кешкілікте берген хабарын
қарағанда, бүгін азе ұрыстарында Токи
маңында ағылшынның бірнеше ұшқыны
қаза тапқан көрінеді. Олар таңсәріде
ұшып шыққан, сөйтіп Жапонияның тіз
бүгуіне байланысты кері қайту жөнінде
бұйрық алған. Бұл ұшқындар енді соғы
бітті деп үміттенген. Алайда кері қайты
келе жатқан бетінде оларға жапондарды

и сурет қойылған.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық совет атқару комитеті председателінің ынбасары Сиворцов жолдас ұлы ақын ай туралы қысқаша сөз сөйлеп, саяпатты мәжілісті ашық деп жариялады.

Облыстық совет атқару комитеті председателінің орынбасары Сиворцов, РК(б)П комі секретарінің мал шаруашылығы өніндегі орынбасары Ташенов, РК(б)П балық комитетінің секретарі Филатов, балық совет атқару комитетінің председателі Порфирьев, КЛКЖО облыстық комитетінің секретарі Попов, РК(б)П обкомның үгіт-нәсихат бөлімі меңгерушісінің ынбасары Ақылбаев, облыстық «Ленин» газетінің редакторы Оспанов, өнерісін орындарының стахановшылары Ізбаев, Байжанова жолдастар тағы басқары президиум үстелі жанынан орындады.

Абай—қазақ халқының данышпан ұлы және ақыл-ойшы кемеңгері деген іқырыпта Оспанов жолдас қазақ және ыме тілінде баяндама жасады.

—Қазақ халқының ұлы ақыны, ақылшы кемеңгері Абай Құнанбайұлының уағына,—деді баяндамашы,—бүгін 100 ыл толды. Қазақ — халқының сүйікті, ы. ардақты азаматы. Абайдың туғаны а бір ғасыр толған күнін бүкіл еліміз үрметпен зор мереке етіп өткізіп отыр.

Алынған міндеттемелер аброймен орындалуда

Н. заводында Жапония соғыс құмарла ына қарсы соғыс басталуына байланыс ы жыйындар болып өтті. Завод коллек сиві Жапонияны талқандауды қамтама ыз ету үшін еңбек өнімін бұрынгыдан ға арттырып, аябай еңбек етуге бір ауыздан уәде берді.

Қазақстанның 25 жылдық мерекесі қақындап келеді. Бұл мерекені өндіріс ік жаңа табыстармен қарсы алу—біздің ыде саятка айналған іс.

Завод жұмысшылары социалистік жа ыста алған міндеттемелерін мүлтіксіз ырындап келеді. Олар өнімді тапсырма ырадан тыс өнім беру үшін әрбір цехтың жұмысшылары арасында социалистік жа ыс кең өріс алды.

Біздің завод мерекеге дейін 9 айлық гапсырманы орындауға, еңбек өнімділігін мөлшерден 20 процент арттыруға мін ьеттенген болатын. Бұл үшін жұмысты жақсы ұйымдастыру, үзіксіз өндіріс әді сін қолдану сыяқты бірсыпыра шара ыар жүзеге асырылды. Өндіріс жұмыста ырын оңдап, еңбек өнімділігін арттыру алдыңғы қатарлы адамдардың бағалы ысыныстарын, жаңалықтарын жүзеге асы ру арқасында өткен үш айдың ішінде 15 мың сомның шикізаты мен материал

данышпан ақын алайдың көздеген мақ саты мен арманы орындалды. Ленин— Сталин партиясының басшылығы арка ында қазақ халқы бостандық алып, ір ьелі елдердің қатарына қосылды, шаруа ышылығы мен мәдениеті өркендеп, дәулеті арта түсті. Қазақтың түрі ұлттық, маз мұны социалистік мәдениеті шарықтап өсті. Кемеңгер ақынның мәңгі өшпес шы ғармалары совет өкметі тұсында жарыққа шығып, халық игілігіне айналды.

Абай—қазақ халқының ардақты ұлы. Ол өмір бойы халқының қайғы-шерін жа зып, мерейін көтеру жолында қызмет ет ті. Абай халқына өз тұсында ғана қыз мет етіп қойған жоқ, ол өзінің асыл сөз дерімен бүгін де қызмет етіп отыр.

Абай қазақ әдебиетінің асқар шыңы, таң шолпаны, Отанымыздың ардақты азаматы болғандықтан мәңгі өлмейді. Бү кіл халқымыз, қадір тұтқан да сондай лық өшпес хасиеті бар кемеңгер ақын, қазақ халқының ардақты ұлы Абай ақынды қадірлейді, оның есімін жүрегін де мәңгі сақтайды.

Салтанатты мәжілістен кейін қазақ концерт бригадасы мен оперетта театры ының артистері үлкен концерт берді. Кон ьертте Абайдың тамаша әндері орындал ы. Концерт жұртшылыққа өте ұнады.

дары унемделіп өнімнің түсөр бағасы 0,5 процентке дейін арзандатылды.

Бұл міндеттемелерді аларда біз өндіріс тік барлық ішкі мүмкіншіліктерді ескер дік. Сондықтан да оны аброймен орында ймыз. Алдыңғы қатарлы адамдарымыз дың қажырлы өндірістік қарқыны бұ ған көп.

Заводтың стахановшылары Бородин, Мұхамедеев, Борисов жолдастар еңбек ұл гісің көрсетуде. Глушков жолдас бастық болып істейтін цехтағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері өзара социалис тік жарыста алған міндеттемелерін то лық орындау үшін стахановтық вахтаға тұрын, күнделік жұмыс мөлшерін 150 процентке дейін орындап жүр.

Цех шебері Безруков жолдас өндіріске жаңадан келген жас жұмысшылармен үнемі бірге болып, оларға өз тәжірибесін үйретеді. Олардың күнделік тапсырмала ырын толық орындауына көмектеседі.

Заводтың барлық жұмысшылары да алдыңғы қатарлылардан үлгі алып, мөл шерді ұдайы артық орындауға жұмылу ға.

Д. ЗЕБРОВ,

Н. заводының қызметкері.

ғылықты әзірленбегендігі, егін жыйнау жұмыстарын жүргізу жөніндегі жоспар дың дұрыс жасалмағандығы және колхоз шылар арасында еңбек ұйымдастыру ісі нің мықтап жолға қойылмаушылығы сал дарынан, мұнда соңғы алты күн ішінде небары 32 гектар ғана егін орылды. Ал орылған егінді майлау, бастыру, алғаш қы бастырылған астықты дереу мемлекет ке тапсыру жұмысы әлі ұйымдастырыл ған жоқ.

Колхоз басшылары бұл сыяқты елеулі кемшіліктерден дереу тиісті қорытынды шығарып, егін жыйнау және ауыл ша руашылығының өнімдерін дайындау жұ мыстарында колхоздың алдыңғы қатарлы колхоздарына теңелуін қамтамасыз етуге міндетті. Қазіргі кезең колхоз басшылары нан осыны талап етіп отыр.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

Совет ауданындағылар қырмандағы астығын қашан тапсырар екен?

Совет ауданы—облысымыздағы астық ты аудандардың бірі. Алайда, бұл аудан бйылғы бітік шыққан мол егінді дереу жыйнап, мемлекетке астық тапсыру ісін де кешіргісіз артта қалып отыр. Күш мүмкіншіліктің мол екендігіне қарамастан аудан басшылары жұмыс қарқынының еселеп күшеюін қамтамасыз етпейді. Осы айдың алғашқы бес күндігінде мемлекет ке астық тапсыру жөніндегі мөлшер мұн да 0,2 процент, ал екінші бес күндікте —0,4 процент ғана орындалды.

Мұнда комбайн паркінің жұмысы тіп ті мардымсыз. Аудан бойынша орылған 4582 гектар егіннің небары 1069 гекта ры ғана комбайнмен жыйналды. Қалбір колхоз басшылары комбайнға иек сүйеп, жай машиналарды жұмысқа толық пайда ланбай отыр. Ал, қолорактар мен қолшал ғышылар мүлде ұмыт қалған.

Комбайн паркінің жұмысты өте-мөте нашар істеуі жөнінде бірнеше мысал келтіруге болады. Сартомар МТСның ком байыншысы С. Воловик жолдас «Наурыз» колхозына барғалы бірде-бір гектар егін жыйнаған жоқ. Ол колхозға келгеннен бе рі комбайн «жөндеу» ісімен шұғылдану ға. Колхоз председателі Бейсенбаев жол ьас жұмыстың өнбей жатқанына қара мастан, қолда бар 4 лобогрейканың тың ғылықты жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмай отыр.

Комбайн паркінің жұмысы Бейнетқор МТСында да айтарлықтай емес. «Совет» колхозында егін орағы басталғаннан бе рі комбайнмен 50 гектар ғана егін жый ьналды. Ал, МТС директоры Игнатенко

парызы—астық дайындау жоспарын сөз-

Колхозшылардың игілікті ісі

«Совет» ауыл шаруашылық артелінің (Совет ауданы) мүшелері қара бидай пісісімен-ақ егін жыйнауға ұйымдасқан түрде кірісті. Колхозшылар үш күн ішінде 138 гектар егін жыйнады.

Егін жыйнауға комбайншы Парас ковыя Смирнова жолдас зор табысқа не болды. Ол үш күнде өзінің «Сталинец» комбайнымен 50 гектардай егін жыйна ды. Тракторшы Елена Гаплик және Ека терина Белкина жолдастар тракторға үш лобогрейка тіркеп, әрқайсысы 36 гектар орнына, 45 гектардан егін орды.

Егін ораумен майлау жұмысының ара сында алшақтыққа жол бермеу мақсатын

М. ХУЛИН.

да колхозшылар егін майлауға өздерінің жеке меншіктеріндегі сыйғыларын шығар ты. Барлық колхозшылар: қарттар мен жас өспірімдер де бір адамдай болып ке ғамдық еңбекке жұмылды. Сөйтіп, олар алғашқы күнде 60 гектардан аса егінді майға салды.

Мария Попова жолдас басқарған звено ның мүшелері астық тазартуда жұмыс істеп жүр. Олар тек ғана бір түнде 43 центнер астық тазартты. Колхозшылар алғашқы тазартылған астықтың барлы ғын дайындау орнына өткізбек.

Т. КӘДІРОВ.

ауыл шаруашылық артелі. Солай бола тұрса да, бұл колхоздың қырманында 60 центнерден артық астық дайындау орны на күні бүгінге дейін тапсырылмай жа тыр. Бұл колхозда қырмандағы астық на шар сақталып, ойдағыдай күзетілмейді. Колхоз председателі Смағұлов жолдас «ас тық дымқыл, өткізуге болмайды» деген бөгде себеппен мемлекетке астық тасу үшін ұйымдастырылған керуеншілерді басқа жұмыстарға пайдаланған.

Смирново станциясындағы астық қа былдау пункті колхоздардан келген ас тықты дереу қабылдау ісін жақсы ұйым дастырмаған. Жұмысшылар мен қызмет керлер арасында еңбек тәртібі бәсең. Олардың жұмысқа келу және кету мер зімдері тағайындалмаған. Ол, олма қабыл дау пунктінің директоры Бульба жолдас тың «элеватор түнде қызмет істемейді» деп «Жаңа қоныс» колхозынан және басқа колхоздардан келген керуеншілерді қайтарып жіберген кездері де болған. Міне, бұл Бульба жолдастың мемлекет алдында тікелей қылмыс істеп отырған дығын ыспаттайды.

Егінші колхозшылар арасында үгіт-көп шілік жұмыстарын неғұрлым өрістетуге жұмысты тыңғылықты ұйымдастыру, озаттардың іс тәжірибесін көпшілік игі ьігіне айналдыру, сөйтіп Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жа ырыста алынған міндеттемелердің мінсіз ырындалуын қамтамасыз ету—іс түйіні ыме осында.

Аудан басшылары болған кемшіліктер ді дереу жойып, қалың бұхараны бүкіл халықтық іс—егін жыйнау және мемле кетке астық тапсыру ісіне жаппай жұ мылдыруға міндетті.

И. УӘЙІСОВ,

СМИРНОВО. (Арнаулы тілшіміз).

да және Кюсю аралының оңтүстік жағын да жапондардың бір танкері мен 30 жүк кемесін суға батырғандығын одақтас тардың Тынық мұхиттағы жаяу әскер күштері командованиясіннің штабы хабар еткен. Американың ауыр бомбашылары жапондардың «Формоза аралындағы күр ьыс жабықтырына шабуыл жасаған.

Грециядағы жағдай

АФИНЫ. 9 август. (ТАСС). Кеше кең ьілікте регент Ламаскинос Вулгаристін орнынан түсуін мақұлдап, оған «қымет жүргізетін» үкмет құру ісін қайта тап ьырған.

Регенттің бүгін жарияланған үндеуін де, партиялардың арасындағы қайшылық «олардың үкметте ынтымақтасып іс етуі нә пұқсан келтіреді», міне сондықтан да регент «мемлекеттік орындардың хауін ьізік және әділеттік рухында жұмыс іс теуін қамтамасыз ететін» мамандар үк метін қалдыруға ұйғарынды жасады де ьінген.

АҚШта болат өндірісін азайту

НЬЮ-ЙОРК. 14 август. (ТАСС). АҚШта болат өндірісі барған сайын азаюда. Аме риканың болат қорыту институтының себебі бойынша, осы өптада болып қорыту өнеркәсібінің жалпы өн ьірістік қуатымен салыстырғанда, 82,5 процент ғана болат өндірілді. Соны мен, бір аптада өндірілген болат 1 мил ьион 511 мың тонна болды. Бұл—1940 жылғы июльден бергі ең аз көрсеткіш. Бйылғы жылдың июльінде 6 миллион 999 мың тонна болат өндірілді, ал өткен жылғы июль айында 7 миллион 498 мың тонна болат өндірілген болатын.

Жауапты редактордың орынбасары

Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Петропавлдағы шоферлар мектебі дәрежелі шоферлар дайындайтын күзек оқушылар қабылдайды. Оқуға 17 жасқа жоғарғы және 4-клас көлемінде білімі ба ьер, әйел азаматтар қабылданады. Оқу ме зімі біржарым ай. Оқу 10 августа баста ьды.

Оқуға кірушілердің қолында паспорт немесе туған жылы туралы куәлік және азық-түлік қарточкасымен пайдаланбай тындығы жөнінде анықтама болу керек.

Қазақстанның 10 жылдығы атындағы колөнершілер артеліне түкпілдікті жұмыс секретарь-кассир жоспарлаушы-техник тігіншілер, үйренушілер керек. Адрес, Петропавл қаласы, Базарбай кө шесі, 49-үй. Телефон № 3-03.

УШ 00323.